ЕҢ АЛДЫМЕН, ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТҰҒЫРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫ МЫҚТАП ҚОЛҒА АЛУ ҚАЖЕТ. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫМЫЗДЫҢ МАҚСАТЫ АЙҚЫН. БҰЛ – ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ӘЛЕУМЕТТІК БАҒДАРЫ БАР НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫ ҚҰРУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Қазақстан Республикасының Президенті


# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ
ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№1 (2716)
18/01/2022


## ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ: ЕҢ ЖОҒАРҒЫ КӨРСЕТКІШ

**Үстіміздегі жылдың 14 қаңтарында «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясында 2021 жылдың жұмыс қорытындысы шығарылған кеңейтілген отырыс өтті.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Онда пайдалану жүк айналымының 239 млрд.т-км нетто-ға жеткені белгілі болды. Мамандар бұл тәуелсіздіктің барлық жылдарында ең жоғары көрсеткіш екенін атап өтті. Жыл қорытындысы бойынша компания пайда көрсеткішіне шықты. Бұған транзиттік тасымалдан түскен кірістің ықпал еткені анық. Мәселен, былтыр Қазақстан арқылы өткен контейнерлер транзиті бір миллион ЖФЭ-ден асып жығылды.

Ұлттық компания теміржолдың инфрақұрылымын дамытуға, жаңалап-жаңғыртуға айрықша басымдық беріп келеді. Оның жарқын көрінісі ретінде, өткен жылы да «ҚТЖ» ҰК» АҚ желісінде 1000 шақырымнан астам темір жолдың жаңартылып-жаңғыртылып, сауықтыру жұмыстарынан өткенін айтар едік. Айталық, 582 шақырым жол күрделі жөндеуден өтіп, жаңа келбетке ие болды. Соның нәтижесінде жүк және жолаушылар пойыздарының қозғалыс жылдамдығы артты.

Сонымен қатар кеңесте пойыздардың қозғалыс және еңбек қауіпсіздігі мәселелеріне ерекше назар аударылды. Осы бағытта атқарылған ауқымды жұмыстар таразыға салынды. Былтыр сала еңбеккерлерінің орташа айлық жалақысының өсімі 22%-ды құрады. Тағы бір атап өтерлігі, компания қызметкерлерінің жалақысы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап тағы өсті.



*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ӨТКЕН ЖЫЛЫ «ҚАЗТЕМІРТРАНС» АҚ ОТАНДЫҚ ӨНДІРУШІ «ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ВАГОН ЖАСАУ КОМПАНИЯСЫ» ЖШС-НАН

**1000**

АШЫҚ ВАГОН САТЫП АЛДЫ.

БИЫЛ

**567,5 КМ**

ЖОЛДЫ КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУДЕН ӨТКІЗУ ЖОСПАРЛАНЫП ОТЫР.

ҚАН ТАПСЫРУ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ АКЦИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕ

**400**

ЖУЫҚ ТЕМІРЖОЛШЫ ДОНОР БОЛДЫ.

### Актуально

## ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ: НАДЕЖНОСТЬ И В РЕЖИМЕ ЧП

**В этот непростой для страны период сотни людей – пассажиров, грузоотправителей – выражали слова признательности и благодарности за стойкость, мужество, высокий профессионализм в адрес железнодорожников. Они отмечают, что произошедшие события стали проверкой на прочность, и сегодня можно смело сказать, что АО «НК «Қазақстан темір жолы» успешно справляется с задачами по обеспечению стабильной работы железнодорожного транспорта, безопасности перевозок, своевременному предоставлению грузоотправителям подвижного состава, доставке грузов и пассажиров по территории страны.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

Железнодорожники всегда отличались высоким патриотизмом и любовью к Родине. В эти трагические дни более 15 тысяч объектов железнодорожной инфраструктуры были сохранены в целости от беспорядков. Многие работники магистрали буквально спали на работе, не отлучаясь домой ни на минуту. Приходилось дежурить сутками. Необходимо было, чтобы вокзалы работали, чтобы люди могли уехать.

Так, в первые дни беспорядков в Алматы работники вокзалов оказались буквально на «передовой». Из-за остановки авиасообщения железная дорога стала единственным безопасным и доступным транспортом. Сотрудники ҚТЖ, кассиры, работники АО «Вагон-сервис» и филиала в РК компании «Patentes Talgo, S. L.», полицейские и технический персонал – все несли службу в усиленном режиме. Для тех, кто работал круглосуточно, организовали четыре пассажирских вагона, где можно было отдохнуть. Было организовано питание, привлечены работники клининговой аутсорсинговый компании, составы были обеспечены мягко-съемным инвентарем.

Тогда из-за беспорядков в стране отменили сразу 25 пассажирских поездов. Несколько сотен людей вынуждены были оставаться на узловых станциях. А уже на следующий день движение поездов было полностью восстановлено. Также для формирования составов назначенных дополнительных поездов и обеспечения вывоза населения из Алматы произведена передислокация пассажирских вагонов из других регионов.

*Продолжение на 3 стр.*



**Алексей ГРОМ,**
генеральный директор
АО «ОТЛК ЕРА»:

«ДЛЯ ОТЛК ЕРА С 2016 ГОДА КАЖДЫЙ ГОД УНИКАЛЕН. ГОД, КОГДА НИКТО НЕ ВЕРИЛ В МИЛЛИОН ДФЭ, А МЫ СОЗДАВАЛИ НАШ «ONE MILLION CLUB». ДУМАЮ, И 2022 ГОД НЕ БУДЕТ ИСКЛЮЧЕНИЕМ. У НАС УЖЕ ЕСТЬ РАЗРАБОТАННЫЕ НОВЫЕ ПРОЕКТЫ И ПО НОВЫМ КОРИДОРАМ, И ПО НОВЫМ ТОЧКАМ РОСТА ПО IT-СОПРОВОЖДЕНИЮ ПРОИЗВОДСТВЕННОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ, И Я УВЕРЕН, ЧТО ОНИ ПОЛУЧАТ ХОРОШЕЕ РАЗВИТИЕ. И, ЕСТЕСТВЕННО, МЫ БУДЕМ ВСЕ ДЕЛАТЬ ДЛЯ ТОГО, ЧТОБЫ ПОЛОЖИТЕЛЬНАЯ ДИНАМИКА СОХРАНИЛАСЬ»

### #СилавЕдинстве

## КУРС – НА ПОВЫШЕНИЕ БЛАГОСОСТОЯНИЯ

**Общественное объединение «Казпрофтранс» каждодневно и целенаправленно занимается вопросами улучшения социального благосостояния работников транспорта, в том числе железной дороги. Основным направлением деятельности профсоюза является обеспечение защиты прав и интересов наших сотрудиков, что регулируется нормами Коллективного договора, заключенного между работодателем, трудовым коллективом и уполномоченным государственным органом. Поэтому мы приветствуем необходимость разработки Социального кодекса, которая была озвучена Главой государства Касым-Жомартом Токаевым на заседании Мажилиса Парламента Республики Казахстан 11 января 2021 года. Кодекс должен стать ключевым элементом нового «Общественного договора», направленного на снижение уровня безработицы, качественное обновление социально-трудовой сферы, улучшение благосостояния населения, в том числе членов нашего профсоюза.**

Президент в своем выступлении дал поручение Правительству республики разработать программу повышения доходов населения. Созданная в стране социально-экономическая система показала достаточную эффективность в обеспечении общего роста национального дохода, но при этом из-за высокой инфляции социальный уровень населения остается неизменно низким. На сегодняшний день в обществе усугубилась проблема сильного имущественного расслоения, что стало причиной мирных митингов и недовольства по всей стране. Доходы всех групп населения должны расти по мере роста экономики. Для этого поручением Главы государства будет создан общественный социальный фонд «Қазақстан халқына». Он будет заниматься решением реальных проблем в сфере здравоохранения, образования, социальной поддержки.

Казпрофтранс поддерживает инициативу Главы государства по реализации новой стратегической политики в вопросах социально-экономического развития Казахстана. Все поставленные перед Правительством задачи нашли благоприятный отклик среди профсоюзного актива. Со своей стороны наш профсоюз будет продвигать принцип социальной справедливости для дальнейшего улучшения благосостояния работников отрасли: мы направили ряд предложений в Федерацию профсоюзов Республики Казахстан для включения в Программу действий на 2022 год. Предложения касались снижения пенсионного возраста для женщин до 60 лет; для работников, занятых на тяжелых работах, работах с вредными и опасными условиями труда для мужчин – 60 лет, для женщин – 58 лет; установления размеров социального пособия по временной нетрудоспособности работникам до 100% от средней заработной платы независимо от стажа работы.

С учетом многолетней наработанной практики на производствах и фактической обстановки в регионах требуется пересмотреть Законы Республики Казахстан «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие ядерных испытаний на Семипалатинском ядерном полигоне», «О социальной защите граждан, пострадавших вследствие экологического бедствия в Приаралье»; внести изменения в Закон «О профессиональных союзах» в связи с изменениями, вносимыми в трудовое законодательство в части улучшения условий труда и повышения статуса Профсоюза в разрешении социальных вопросов, обеспечения и улучшения социальных прав и гарантий профсоюзным работникам.

Считаем также, что особое внимание необходимо уделить вопросам увеличения страховых выплат работникам при внезапном ухудшении здоровья со смертельным исходом или тяжелыми последствиями, произошедших на производстве с работниками независимо от стажа работы.

Ряд вопросов касается статуса инспекторов по охране труда, государственного контроля за нарушения требований законодательства о безопасности и охране труда, ежеквартальной индексации заработной платы и многих других первостепенной важности.

Профсоюз транспортников поддерживает курс нашего Президента на повышение благосостояния народа!

**Оразгали АХМЕТБАЕВ,**
**председатель ОО «Казпрофтранс»**

## ЖҮК ИЕЛЕРІНЕ ЖЕҢІЛДІК ЖАСАЛДЫ

**Елдегі саяси қақтығыстар кезінде теміржол инфрақұрылымы нысандарына залал келген жоқ. Бүгінде Ұлттық компанияның барлық құрылымдық бөлімшелері толыққанды жұмыс істеп тұр.**

ҚТЖ Қазақстанның барлық өңірлерінде төтенше жағдай кезеңінде жүк тасымалымен байланысты айыппұлдарды, алымдарды және төлемдерді алып тастады. Бұл шешім ҚР «Темір жол көлігі туралы» Заңы аясында, ҚР «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының үндеуін ескере отырып қабылданды. Сонымен, жүк тасымалдау жоспары бойынша өтінімді орындамағаны үшін айыппұл салынбайтын болса, жүк жөнелтушілердің, жүк алушылардың, тармақ иеленушілердің, вагондар иелерінің кінәсінен болған, меншікті немесе жалға алынған вагондардың бос тұрғаны, магистральдық, станциялық жолдарда контейнерлердің кідіргені үшін төлем де есептелінбейтін болады.

Бұдан басқа форс-мажорлық жағдайларға байланысты жүк алушыларға жүктің межелі станцияға келгені туралы хабарланған сәттен бастап 48 сағаттан артық тұрып қалған жүктерді сақтағаны үшін алым 10 еселік көрсеткіште емес, бір еселік мөлшерде алынбақ. Десе де, бұл жеңілдіктердің елдегі төтенше жағдай кезеңінде ғана жасалып отырғанын ескерген жөн.

*Ислам ТАЛҒАТ*

## КӨМІР ТАСЫМАЛЫНДА КІДІРІС ЖОҚ

**Қазіргі таңда әлеуметтік маңызды жүк санатындағы көмір теміржол көлігімен жоспарға сай тасымалдануда. Мәселен, жаңа жылдың алғашқы он бір күнінде 3,5 млн тонна қатты отын тиеліп, діттеген жеріне жөнелтілген.**

Өткен жылға қарағанда өсім 1,2% құрап отыр. Соның ішінде жылу-электр орталықтарына жеткізілгені – 2,2 млн тонна. Осыдан-ақ көмір қорының көлемі артқанын байқайсың.

Осы арада әлеуметтік маңызға ие жүктерді «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ерекше назарда ұстап тұрғанын айтар едік. Күн сайын көмір разрездері өкілдерінің қатысуымен шұғыл штаб жиыны өтуде. Ал маңызды жүкті тасымалдау үшін ашық вагондар жүк жөнелтушілердің өтінімдері сай толық көлемде ұсынылып отыр. Демек, көмірді тиеуде қажетті құраммен қамтамасыз етуде және тасымалдауда еш кедергі жоқ.



*Нұрбек БЕКЕН*

## ВОЗМОЖНОСТЬ ДЛЯ СТУДЕНТОВ

**В Нур-Султане состоялась встреча со студентами железнодорожных специальностей Евразийского национального университета им. Л. Гумилева, инициированная АО «НК «ҚТЖ». На встрече присутствовало более 50 студентов. Мероприятие проводилось в рамках анонсирования программы «Жас темір», которая стартовала в ҚТЖ 1 января 2022 года.**

Как отмечают организаторы, «Жас темір» – программа АО «НК «ҚТЖ» для развития молодых специалистов, созданная в рамках тиражирования программы «Жас Өркен» АО «Самрук-Қазына».

Во встрече со стороны ҚТЖ принимали участие работники департамента управления человеческими ресурсами, выпускники программ «Жас Өркен» и «Цифровое лето», трудоустроенные в АО «НК «ҚТЖ».

Открывая мероприятие, директор департамента управления человеческими ресурсами АО «НК «ҚТЖ» Сауле Истлеева рассказала участникам о целях, условиях и перспективах программы.

В свою очередь, выпускники «Жас Өркен» и «Цифровое лето» поделились своим опытом прохождения программы стажировок и последующим трудоустройством в АО «НК «ҚТЖ».

Кроме того была проведена викторина на железнодорожную тему, по итогам которой победителей отметили призами.

Аналогичная встреча прошла также в Алматы со студентами железнодорожных специальностей в Казахском университете путей сообщения. Мероприятие собрало более 70 студентов. Ребята задавали много вопросов, проявляя большой интерес к программе.

В дальнейшем планируется провести подобные встречи со студентами железнодорожных специальностей таких вузов как Академия логистики и транспорта, Карагандинский университет им. Е. Букетова, Кокшетауский университет им. А. Мырзахметова.

*Алуа ТЛЕУБАЙ, Нур-Султан*

rail-news.kz

№1 (2716) 18/01/2022

## #КүшімізБірлікте

### ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ СЕНІММЕН ҚАРАЙМЫЗ



**Жыл басы ел арасындағы ереуіл-дүмпулермен басталғанын жасыра алмаймыз. Газ бағасының күрт қымбаттап кетуіне орай Жаңаөзеннен басталған бейбіт шерулер басқа өңірлерді де шарпып, өкінішке орай, оны өз мақсатына пайдалануға ұмтылған зұлым күштердің әрекеті адам шығынына әкеліп, қалың елдің қабырғасын қайыстырды. Жаңаөзен мәселесіне Мемлекет басшысы араласып, Үкімет комиссия құрып, уақытында мәмлеге келе білді.**

Елдегі орын алған жағдайға байланысты Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің отырысында сөйлеген сөзінде тәуелсіздік тарихында алғаш рет аса күрделі кезеңге тап болғанымызды, осындай сынақты қайыспай біртұтас ел болып еңсере білгендігімізді жеткізді. Ең алдымен еліміздің жаңа экономикалық тұғырын қалыптастыруды мықтап қолға алу қажеттігін, еліміздің стратегиялық активтерін басқарып отырған «Самұрық-Қазына» қорының жұмысын жандандыру жөнінде, экономиканы әртараптандыру арқылы еліміздің әл-ауқатын арттыру, тұрақты жұмыс орындарын ашу мүмкіндігі, сондай-ақ, 2025 жылға дейін инфляцияны 3-4 пайыздан асырмау туралы тапсырмалары көптің көңілінен шығып, алдағы күнге деген үміт отын маздатқаны жасырын емес.

Әсіресе, жастарды жұмыспен қамту, шағын және орта бизнесті, кәсіпкерлікті одан әрі қолдау, дамыту, 2025 жылға дейін халықаралық деңгейдегі 5 техникалық жоғары оқу орнын ашу, оның екеуін батыс өңірден ашу, қарулы күштерімізді қайта даярлау, құқық қорғау орындары мен Қорғаныс саласын реформалау, діни экстремизге тыйым салу, кеден саласын реттеу, ауылшаруашылығына баса назар аудару, ұстаздар үшін жаңа бағдарлама әзірлеу, мемлекеттік басқару саласын реформалау, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің халықпен байланысын арттырып, бюрократия мен қағазбастылықты жою жайлы міндеттемелері ел үшін ең басты қажеттіліктер болатын. Осы орайда Мемлекет басшысының халық үшін қолға алуға тиісті қадау-қадау тапсырмалары мен жалпақ жұртшылыққа жеткізген міндеттерін мыңдаған қазақстандықтар қатарында қуаттап қолдаймын.

**Әзірбай ТҰРМАҒАМБЕТОВ,**
*Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ комитетінің төрағасы*

### ШТАТТЫҚ РЕЖИМДЕ ЖҰМЫС ІСТЕП ЖАТЫР

**Қуан ЕРТІС,**
Семей

АЙМАҚ

**Семей қаласы бойынша қаңтардың 5-нен 6-на қараған түні орталық алаңдағы бейбіт басталған митингтің соңы толқуға ұласып, соңы жаппай тәртіпсіздіктермен аяқталған болатын. Бүлікшілер қалалық әкімдікті күшпен басып алып, кейбір кәсіпкерлік нысандар қиратылған еді.**



Бір қуантарлығы, басбұзарлар тарапынан теміржол инфрақұрылымдарына шабуыл жасау оқиғалары тіркелген жоқ. Жүк және жолаушы тасымалы толықтай штаттық режимде жүргізілді. Митингілер мен соңы бүлікке ұласқан жаппай толқулар кезінде бөлімшедегі барлық теміржолшылардың, әсіресе жастардың жұмыс орындарында болуы назарға алынғаны да жасырын емес. Семей магистральдық желі бөлімшесінің кадр бөлімінің басшысы Даниар Баймағұловтың айтуынша, бұл ретте ешқандай келеңсіз жайттар тіркелмеген. Соның нәтижесінде болар, облыс бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар арасында теміржолшылар жоқ.

– Елімізде толқулар орын алған уақытта Семей теміржолы бойынша құқықбұзушылық фактілеріне жол берілмеді. Қауіпсіздік шаралары жоспарлы түрде жан-жақты қамтамасыз етілді. Қазіргі таңда жағдай бірқалыпты. Төніп тұрған қауіп жоқ. Кейбір жайттарды аймағымыздағы 19-шы қаңтарға дейін сақталатын төтенше жағдайға байланысты, құпия болуы себепті айта алмаймыз. Жалпы, алаңдауға негіз жоқ. Бұл, сөз жоқ, дер кезінде қолға алынған, атқарылып жатқан іс-шаралардың нәтижесі деп білеміз, – дейді осы ретте НЖС-6 бөлімшесі бойынша азаматтық қорғаныс бөлімінің инженер-технологы Еркін Спанов.

Қазіргі уақытта ел шығысы бойынша кешкі сағат 11-ден таңғы 6-00-ге дейін коменданттық сағат енгізілген. Дегенмен өңірде лаңкестікке қарсы операциялар аяқталып, террорлық қауіптіліктің шекті «қызыл» деңгейі алынды.

Ал, өңірдегі барлық кәсіпорындар мен мекемелер штаттық режимде жұмыс жүргізіп жатқандықтан желі бойындағы станциялар бойынша жүк тиеу және жөнелту ісінде ешқандай кідіріс жоқ.

*Суретті түсірген автор*

## ЕЛДІКТІҢ ЕРЕН ҮЛГІСІ

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

**«Қасіретті қаңтар» деген атпен тарихқа енген кешегі күні елде орын алған төтенше жағдайдың дүрбелеңі әлі басыла қойған жоқ. Алғашында бейбіт шерумен басталған әрекеттер белгісіз күштердің ықпалымен бұзақылық пен бүлікшілікке, одан сорақысы қанды қырғынға ұласты. Біз сол күндері еш уайымсыз теміржол көлігімен сапарға шыққан жолаушылар жайына тоқталмақпыз.**



Сыр өңіріндегі станцияларға әдетте жолаушылар пойызы он бес-жиырма минутқа аялдайтын. Алайда, 5 қаңтар күні жолаушылар пойызының Қазалы станциясында кідіруі ұзаққа созылды. Бұл сегіз жүзден астам жолаушысы бар «Ақтөбе-Алматы», «Маңғыстау-Алматы» бағытындағы №33-34, №77-78 жолаушылар пойызы еді және де осындай кідіріске ұшыраған пойыздар Сексеуіл, Қызылорда бекеттерінде де тұрды, олардың әрқайсысында 350-ден аса жолаушы бар-тұғын. Алғашында пойыздардың тоқтап тұрғанына мән бермеген жолаушылар, уақыт өте келе беймәлім кідіріс ұзаған сайын шыдамсыздық танытып, перронға шыға бастады. Көпшілік «неге тұрмыз?», «қашан жүреміз?» деп жолсеріктерді сұрақтың астына алды. Ал шыдамы сарқылған енді біреулері «вокзал бастығы қайда, бізді неге жібермей тұр», «әкімді шақырыңдар!» деген сарында шу шығара бастады. Балаларын көтерген аналар төбе көрсетіп, ас-ауқат, жаялықтың қажеттігін, енді бірі демікпесі ұстап, дәрігер шақыруды талап етіп жатты.





Аймақ басшылығына хабарласып, жағдайды түсінген станция басшылығы мен қазалылық теміржолшылар жедел іске кірісті. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді» демекші, әп-сәтте ортадан қаржы жиналып, шапшаң қимылға көшкен қазалылық теміржолшылар дәрігерді де жеткізді, жөргек пен жылы жамылғыларды да тауып, енді бір тобы ыстық тамақ әзірлеп, ас-су, шай жеткізіп, жолаушыларды тамақтандыруға кірісті.

«Қазкөліккәсіп» қоғамдық бірлестігі Қызылорда филиалының төрағасы Бауыржан Ахметов сол бір сын сағаттарды жол бойы қаңтарылып қалған жолаушы пойыздарының жағдайын аймақ басшылығы тұрақты бақылауда ұстап отырғанын айтады.

– Жолаушыларға қолдан келген көмектің бәрін ұйымдастырып, ас-суын, керек-жарағын қамтамасыз етуді жоғары деңгейде ұйымдастыра білген Қазалы станциясының бастығы Серік Боранқұлов пен орынбасары Руслан Мақашовқа, Қазалы вагон пайдалану деposының бастығы Арғын Орымбаевқа, байланыс дистанциясының бастығы Ғани Ысқақовқа, жол дистанциясының басшысы Аманкелді Құсановқа, электрмен жабдықтау дистанциясының басшысы Асқар Алмағанбетовке, Қазалыдағы салалық мекемелердің кәсіподақ ұйымы төрағалары мен кәсіподақ белсенділері Ерсайын Сұлтановқа, Жеткербай Елжасқа, Бақытжан Ибрайым мен Дастан Әбішевке ерен еңбектері үшін алғыс айтамыз. Сонымен қатар Қызылорда станциясында аялдаған пойыздағы 350 жолаушының жағдайын жасап, олардың станциядан аман-есен аттанып кеткенінше жандарында жүрген қосалқы бөлім басшысының орынбасары Амантай Рыстығұлов, кәсіподақ ұйымы төрағасы Мұхтар Көпірбаев, бекет басшысы мен вокзал шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегін айрықша атап өткен жөн. Ел екенімізді, жұрт екенімізді танытып, сын сағатта сыр бермеді, барлық сыр елінің теміржолшыларына рахмет, – дейді Бауыржан Ахметов.

* * *

Дәл осы күндері аймақтың батыстан кірер қақпасы Сексеуіл станциясында да екі бірдей жолаушы пойызы тоқтап қалған болатын. №78 «Алматы-Маңғыстау» пойызы мен №112 «Тальго» пойызында 500-ден астам жолаушының бір-бір жарым тәулік қаңтарылған пойыз вагондарындағы жай-күйі айтпаса да түсінікті болар. Қаңтардың 5-6 күндері Сексеуіл станциясындағы теміржолшылар жұдырықтай жұмылып, жолаушыларға тамақ, су мен басқа да қажетті заттарды жеткізіп, көмек қолдарын созды.

Сексеуіл локомотив пайдалану деposы бастығының орынбасары Еркебұлан Аяғановтың айтуынша, станциядағы барлық құрылымдық бөлімшелер, теміржолшылар арасынан шыққан еріктілер, әкімдік, жергілікті тұрғындар бірігіп, 10 қой сойып, вокзал алаңына қазан-ошақ құрып тастап, самауырмен шай қайнатып, жолаушыларға 3 мезгіл ыстық тамақ ұйымдастырған.

– №78 Алматы-Маңғыстау пойызы Сексеуіл станциясына 5 қаңтарда таңғы сағат 6.13-те келіп, 34 сағат 19 минуттан кейін, 6 қаңтарда сағат 16.52-де жолға шықты. Ішінде 489 жолаушы болды, соның 20-сы балалар. Ал №112 Тальго пойызы 5 қаңтар сағат 14.01-де келіп, келесі күні сағат 16.39-ға дейін 28 сағат біздің станцияда тұрып қалды. Олардың бәрін қажеттіліктермен қамтамасыз етуді біз өз міндетімізге алдық. Ел басына күн туған қиын-қыстау заманда бұл біздің қолымыздан келген титтей көмек еді, – дейді Е.Аяғанов.

Сексеуіл станциясына жақын тұратын жолаушыларға еріктілер такси жалдап, аман-есен жолға салып жіберген. Иә, ел басына күн туып, қауіпсіздікке қатер төнген сын сағатта қарапайым халық ерліктің ерен үлгісін көрсетіп, ауызбірлік танытты. Оларды қатарында осындай теміржолшылар да болды.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,** *Қызылорда*
**Ұлан ОРАЗ,** *Сексеуіл*
*Суреттерді түсірген авторлар*

## ПОЙЫЗ КЕСТЕСІ ӨЗГЕРДІ

ЖОЛАУШЫЛАР ТАСЫМАЛЫ

**Елдегі төтенше жағдайға байланысты теміржол арқылы қатынайтын жолаушылардың діттеген жеріне жетуі қиындады. Себебі, 5 қаңтардан бері 23.00 сағаттан таңғы сағат 7.00-ге дейін көше қозғалысына шектеу қойылған.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

Атырау теміржол станциясына тәулігіне 4 жолаушы пойызы келіп-кетеді. Ең қиыны – «Алматы-Атырау» бағытындағы жолаушылар пойызының келу уақыты – таңғы сағат 5-те. Коменданттық сағатты бұзбау үшін жолаушылар вокзалға түнеуге мәжбүр. Бұл жағдай таңсәріде пойыздан түсетін жолаушылар үшін қолайсыздық туғызғаны рас. Бұған қоса, облыс орталығынан «Теңіз» кенішіне қатынайтын мұнайшылар да көп уақытын жолда жоғалтатынын айтып шағымданған болатын. Осыған орай, Атырау теміржол бөлімшесі мекемесі жергілікті билікпен бірлесіп, пойыз қозғалысының кестесіне өзгеріс енгізіпті.

– Қазір Атырау теміржол вокзалының қызметі бірқалыпты жұмыс ырғағына түсті. Жолаушылар пойызының келіп-кетуі кесте бойынша жүргізіліп жатыр. Ал, «Теңіз» кенішіне қатынайтын «Атырау-Құлсары» пойызы бұған дейін таңғы 06 сағат 30 минутта жүрсе, коменданттық сағат енгізілуіне байланысты қозғалу уақыты сағат 09.00-ге ауыстырылды, – дейді Атырау магистральдық желісі бөлімшесі директорының орынбасары Жәнібек Жөнтұрбаев.

Сондай-ақ, облыстық жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасы таратқан ақпаратқа сүйенсек, коменданттық сағат талабына сәйкес, Атырау қаласына түнгі мезгілде келетін жолаушылар арнайы автобустармен тасымалданады. «Жолаушыларды теміржол вокзалы мен әуежайдан қаланың шағын аудандарына, шаһар маңында орналасқан елдімекендерге жеткізу үшін 10 автобус тасымалы ұйымдастырылып отыр», – делінген басқарма таратқан ақпаратта.

*Суретті түсірген автор*

## БАҒЫТТАМАЛЫ БҰРМАЛАР АУЫСТЫРЫЛУДА

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

**Жол табанын сауықтыруда өткен жылы жоспарға сай жұмысты толық аяқтаған қызылордалық жолшылар үшін кезек бағыттамалы бұрмаларға келді. Жаңа жылға санаулы күн қалғанда Қызылорда станциясының солтүстік алқымындағы ағаш шпалды №4 бағыттамалық бұрманы ауыстыру жүзеге асты.**

**Азамат ҚҰЛЫМБЕТ,**
Қызылорда

Қызылорда жол дистанциясының бастығы Марат Оңалов пен бас инженер Ақылбек Әбілдаев, техникалық бөлімнің жетекші инженері Ахметқали Елеусинов станция жолындағы негізгі бағыттамалы бұрманы ауыстыруға арнайы алынған толаскезде жұмысты тиімді ұйымдастырды. Жұмысқа дистанцияның жеке құрамынан 30 шақты жолшы мен МПТ-12 мен АС техникалары, Берік Әбжаппаров басқаратын Қызылорда қалпына келтіру пойызының ЕДК-300/2 көтергіш краны жұмылдырылды.

Қозғалыс қызметін басқарып отырған диспетчерлердің толаскезге рұқсат берген уақытынан бастап әр жолшының жасайтын жұмысы күнібұрын белгілі болғандықтан іске жұмыла кірісті. Бекітпе бұрандалары босатылған бұрманың рельстері көтергіш кранмен



көтеріп алынып, орны тегістеліп тапталып, жер төсемі әзір болғанда жаңа Р-65 маркалы отандық рельстерге sslk бекітпесімен бекітілген бағыттамалық бұрма төселді.

Жалпы жол жөндеу, жолға күтім жұмысының түгелі өлшем мен технологиялық талапқа сай қатаң бақылауды қажет етеді. Бағыттамалы бұрманың ерекшелігі де өлшемге тіреледі. Себебі бұрмаға қарсы бағытта келе жатқан тепловоздың қажетті жолға бұрылу үшін пайдалану ережесіне сай бұрма үшкірінің рельске жанасатын ұшы мен рельс қаңқасының арасындағы аралық 2 мен 4 мм өлшемде болуы шарт. Осы өлшемнің сақталуы бұрманы ауыстыру кезінде де, өзге уақытта да қатаң талап етілетіндіктен, бір өлшемді бірнеше рет тексеріп бақылау қажет етіледі. Соған орай жолшылар да осы өлшемдерге аса мән беріп, технологияның қатаң сақталуын назарда ұстады. Сонымен қатар, Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі директорының орынбасары Ербол Оңғарбаев толаскез жұмысын бақылауда ұстап, жолшылардың берілген уақытты ұтымды пайдалануын қадағалады.

Алдағы күндері, қаңтардың соңына дейін Сұлутөбе станциясында бұрма ауыстыру кезек күтіп тұр.

*Суретті түсірген автор*

№1 (2716) 18/01/2022

# ЗАВТРА НАЧИНАЕТСЯ СЕГОДНЯ

ИНФРАСТРУКТУРА

**Ушедший год для Алматинского отделения магистральной сети ознаменовался хорошими событиями. Грамотное управленческое начало, продуманный подход и высококлассные специалисты, в компетенции которых не пришлось сомневаться, бесспорно, сделали свое дело.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

В рамках программы перехода с деревянного основания на железобетонное на перегонах Каратас – Акбалык – Арганаты Актогайской дистанции пути и Бесколь – Жайпак – Рзд-13 Достыкской дистанции пути выполнен капитальный ремонт пути в объеме 67,103 километра с укладкой длинномерных плетей бесстыкового пути и повышением скоростей движения для пассажирских поездов до 120 км/ч и контейнерных поездов до 90 км/ч, что позволило увеличить суточную скорость контейнерных поездов. Кроме того, в текущем году провели большую работу по приведению в соответствие с ПТЭ содержания и эксплуатации стрелочных переводов.

На сегодняшний день из поступивших 51 комплекта стрелочных переводов на железобетонном основании с применением восстановительных кранов и путевой машины Desec произведена замена 32 стрелочных переводов, методом наплавки восстановлены и продлены сроки службы 165 крестовин. Заменено 75 остряков с рамным рельсом и 16 крестовин, что значительно улучшило состояние стрелочного хозяйства и дало увеличение скоростей движения поездов и отмену длительных предупреждений.

Стоит отметить работу машин тяжелого типа. В период технологических окон диспетчерским аппаратом Алматинского отделения проведена большая работа в целях улучшения состояния пути и плавности хода с применением комплекса путевых машин «Дуомат», Unimat MF. Кроме того, машиной ПРБ отрихтовано 98,2 километра, машиной ПРСМ сварено 1 053 стыка, тем самым достигнуто уменьшение отступлений от норм содержания пути и увеличение скоростей движения поездов.

В отделении продолжается работа по удлинению плети длиною до перегона от станции до станции с применением ПРСМ, на участке капитального ремонта пути. По Бескольской дистанции пути уложены 63 стандартные пары плетей с последующей сваркой до длины перегона, в том числе на перегоне Бесколь – Жайпак протяженностью 19 868,15 метра и на перегоне Жайпак – Акши длиной 22 857,68 метра. На сегодняшний день по отделению 352 пары плетей удлинены до 21 плети длиной до перегона протяженностью 300,232 километра и 321 – длиной до блок-участка протяженностью 557,5 километра, что в целом составляет 52% от общей протяженности пути.



Благодаря плодотворной работе командного состава и рядовых работников всех предприятий Алматинского отделения магистральной сети выполнены все поставленные задачи.

*Фото автора*

# РАБОТАТЬ БЕЗ ТРАВМАТИЗМА

БЕЗОПАСНОСТЬ

**За прошедший год в филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» не зафиксировано случаев производственного травматизма, административных правонарушений при проверке уполномоченными органами. Этой хорошей новостью на итоговом совещании поделился директор филиала Марлен Кокрекбаев.**



**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

На сегодняшний день протяженность Карагандинского отделения ГП составляет 1 700 километров. Оно считается мощным железнодорожным производственным объединением, которое включает в себя 3 основных локомотивных депо (Караганда, Жанаарка и Балхаш), 4 дистанции пути (Карагандинская, Акадырская, Балхашская и Жанааркинская), 2 дистанции электроснабжения (Карагандинская и Акадырская), 4 сортировочные станции (Караганда-Сортировочная, Жанааул, Балхаш и Мойынты), 89 станций и разъездов. На этих предприятиях трудится многотысячная армия работников, с которыми проводятся организационно-технические мероприятия, направленные на сохранение жизни и здоровья сотрудников в процессе их трудовой деятельности, месячники «Исправность технологической оснастки вагонов (поручни, ступени, лестницы, площадки)», «Внимание! Составитель!».

Свои плоды дает использование работниками мобильного приложения KTZ HSE ISPB. С его помощью каждый железнодорожник имеет возможность зафиксировать на мобильное устройство любое происшествие, в том числе происшествие без последствий (Near Miss), опасное действие и условия или свое право на остановку небезопасных работ. В мобильном приложении можно не только проводить диалоги безопасности, но и оперативно ознакомиться с допущенными случаями травматизма по компании посредством «Молний» и бюллетеней.

– Все работники НОДГП-4 застрахованы от несчастных случаев на производстве и профессиональных заболеваний. Также регулярно и в полном объеме проводится аттестация рабочих мест. Большое внимание уделяется санитарно-бытовому и лечебно-профилактическому обслуживанию работников в соответствии с требованиями охраны труда, – сообщил Марлен Кокрекбаев. – Для железнодорожников огромным подспорьем являются крепкие знания по безопасности и охране труда, которые могут сохранить здоровье и жизнь в критических ситуациях.

Для каждого руководителя НОДГП-4 приоритетами являются приверженность безопасности, забота о работниках путем обеспечения безопасных условий труда, контроля за соблюдением ими правил безопасности. Все работники филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» поддерживают программу «Нулевой травматизм» и стремятся к недопущению травматических случаев и заболеваний на производстве.

*Фото автора*

# СЭКОНОМИШЬ МИНУТУ – ПОТЕРЯЕШЬ ЖИЗНЬ

ПРОФИЛАКТИКА

**Детский травматизм на железной дороге – явление особо трагичное и сложно предсказуемое. Ситуация усугубляется появлением новых течений в молодежной среде. Чтобы предупредить несчастные случаи с подростками, железнодорожники выходят в рейды, проводят профилактические беседы и лекции, организуют конкурсы, пропагандирующие безопасное поведение на железной дороге.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Кокшетау

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» на постоянной основе проводится работа по профилактике предотвращения травматизма и гибели людей на объектах железнодорожного транспорта.



Так, руководством станций и локомотивных депо в минувшем году проведено 253 лекции в учебных заведениях. Всего с правилами безопасности при нахождении вблизи железнодорожных путей ознакомлено 25 тысяч 686 учащихся.Также железнодорожники провели 665 бесед с жителями раздельных пунктов, всего было охвачено 9 402 человека.

Кроме того, совместно с работниками линейного отдела полиции, военизированной железнодорожной охраны и причастными службами отделения магистральной сети проведено 337 рейдов. Выявлено 156 нарушений правил перехода через железнодорожные пути, при этом оштрафованы 38 граждан на сумму 213 тысяч тенге.

По статистике, самое распространенное нарушение на железнодорожном транспорте среди посторонних граждан – хождение по путям в состоянии алкогольного опьянения, несоблюдение правил безопасности при переходе через железнодорожные пути и суицид.

Находясь в зоне повышенной опасности, граждане с пренебрежением относятся к самым элементарным нормам поведения на объектах железнодорожного транспорта. К примеру, многие выбегают на пути перед близко идущим поездом, пролазят под составом, а также подымаются на крышу вагонов.

Для эффективности проводимой работы с населением по Акмолинскому отделению ГП велась публикация материалов в средствах массовой информации. В минувшем году напечатано 32 статьи в газетах на тему «Железная дорога – зона повышенной опасности», размещено 106 видеороликов в социальной сети Instagram и на канале YouTube.

Вместе с тем тревожное положение остается на участках, где жилые массивы расположены вблизи железной дороги, жители которых чаще всего осуществляют несанкционированные переходы через железнодорожные пути.

Дежурными по станции, операторами пункта технического обслуживания ранее по громкоговорящей связи с интервалом 3 часа производилось предупреждение об опасности перехода железнодорожных путей в неустановленных местах, маневровых работах. На сегодняшний день оповещение ведется через каждые 2 часа, также дано указание работникам станций усилить бдительность и не допускать посторонних на объекты железнодорожного транспорта.

Кроме того, за 12 месяцев прошлого года по филиалу проведено 4 Координационных совета, в том числе по вопросам безопасности, с приглашением представителей ЛУП Нур-Султан, ЛОП Кокшетау, работников НЖС-1, ПЧ, ТЧЭ, ВЧД.

Филиал ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» напоминает гражданам об опасности перехода через железнодорожные пути в неустановленных местах.

*Фото автора*

## Актуально



# ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ ПЕРЕВОЗКИ: надежность и в режиме ЧП

*Окончание. Начало на 1 стр.*

К слову, национальный перевозчик предоставил возможность казахстанцам покупать билеты без доступа к Интернету, благодаря чему удалось «разгрузить» от очередей вокзалы страны.

В связи с увеличением пассажиропотока и для обеспечения вывоза населения из Алматы с 8 января дополнительно назначено 16 разовых поездов, которыми перевезено более 8 тысяч пассажиров (по состоянию на 13 января текущего года). А в период закрытия движения поездов по станциям Макат, Жем, Казалы, Сексеул, Арал-Тенизи железнодорожники сами проводили переговоры о необходимости открытия движения с митингующими, перекрывшими пути.

Как рассказывают очевидцы, на станции Мангистау 5 января было выделено два вагона для ночлега пассажирам отмененных поездов. Работники поездных бригад проводили разъяснительные беседы с пассажирами о закрытии движения и задержке поездов в связи с изменением графика их движения. Была организована пересадка пассажиров одного поезда на другой.

Также железнодорожники организовали бесперебойное обеспечение составов твердым и дизельным топливом, водой, проведение ассенизаторской очистки санитарных узлов.

Кроме того, в период ограничения движения и приостановления пассажирских поездов было организовано горячее питание пассажирам, работникам поездных бригад и служебному персоналу поездов №30 Алматы – Атырау; №78 Мангистау – Алматы; №33 Алматы – Актобе; №77 Алматы – Мангистау; №112 Мангистау – Алматы; №23 Алматы – Актобе. А силами работников филиала «Западный» АО «Пассажирские перевозки», западного филиала АО «Вагон-сервис», Дирекцией магистральной сети филиала АО «НК «ҚТЖ», акиматом и волонтерами организовано горячее питание для порядка 5 000 человек.

При этом с момента введения ЧП по состоянию на 10.00 13 января 2022 года количество возвратов проездных документов составило более 86 тысяч. Возврат осуществлялся в билетных кассах АО «Пассажирские перевозки» вручную, так как в тот период была отключена интернет-связь.

Дополнительно была организована работа 14 билетных касс в городах Нур-Султан, Актобе, Костанай, Алматы, Семей, Павлодар с привлечением частных билетных касс путем подключения к локальной сети АО «НК «ҚТЖ».

Вместе с тем по поручению вице-министра МИИР РК Берика Камалиева совместно с работниками ЦЖС, акиматом Нур-Султана, Министерством туризма и спорта РК, Министерством индустрии и инфраструктурного развития РК, корпоративного фонда «Қамқор» и турагентств организована работа по доставке прибывающих туристов в аэропорт столицы, на железнодорожные вокзалы с дальнейшей отправкой пассажирскими поездами (из-за закрытия аэропорта в Алматы самолеты прибывали в Нур-Султан).

Как рассказал начальник вокзала «Нур-Султан-1» Галым Абдихан, в этот непростой для нашей страны период железнодорожный вокзал работает в усиленном режиме.

– На основании Указа Президента РК Касым-Жомарта Токаева в Республике Казахстан был введен режим чрезвычайного положения в период с 5 по 19 января 2022 года. На входных группах проводится полный досмотр пассажиров и багажа сотрудниками досмотровой службы. Увеличено количество работников охранной фирмы. В круглосуточном режиме охрану объекта обеспечивают сотрудники департамента линейного отделения полиции. Движение пассажирских и пригородных поездов не останавливалось. Было приостановлено движение двух составов пассажирских поездов – сообщением Мангистау – Семей и Кызылорда – Павлодар. На сегодняшний день все поезда курсируют согласно графику движения. При этом были пущены дополнительные составы с нашего вокзала до станции Алматы, – отмечает он.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

# НАРАЩИВАТЬ ПОКАЗАТЕЛИ

**Любовь РОВБА,**
Нур-Султан

ПОРТ

**С начала 2022 года портом Курык обработано порядка 25 тысяч тонн грузов.**

На минувшей неделе ТОО «Порт Курык» полностью возобновило работу и в настоящее время работает в штатном режиме. Паромное сообщение через порт Курык осуществляется по графику.

В январе текущего года объем перевалки грузов достиг 24,8 тысячи тонн. Работники порта и далее будут прилагать максимум усилий для наращивания показателей и укрепления взаимного сотрудничества с партнерами. На сегодняшний день через паромный комплекс Курык на экспорт отправляются казахстанское зерно, уголь, нефтепродукты, удобрения и химикаты. Импорт составляют продукты питания, промышленное оборудование, стройматериалы и другие грузы.

Напомним, в декабре 2021 года порт Курык отметил 5-летие. За этот небольшой срок он приобрел славу профессиональной компании и одного из лидеров морской отрасли.

Члены Центрального совета ветеранов железнодорожников и Совета ветеранов центрального аппарата АО «НК «ҚТЖ» глубоко скорбят и выражают искренние соболезнования председателю Центрального совета ветеранов Болатбеку Бекеуовичу Дуйсемалиеву в связи с кончиной брата

**Нурлана Бекеуовича**

№1 (2716) 18/01/2022

# СТРАТЕГИЯЛЫҚ НЫСАНДАР – АЙРЫҚША НАЗАРДА

**Шымкент теміржолы бөлімшесіне қарасты 40 маңызды нысан бар. Төтенше жағдайдан теміржол инфрақұрылымына ешқандай қауіп пен нұқсан келмеген. Маңызды стратегиялық нысандарды күзетуге 80 адам бекітілген.**

**Жан ПЕРДЕБЕК,**
Шымкент

«Кестеге сай 19 қаңтарға дейін коменданттық сағат орнатылды. Біздің бөлімшеге қарасты Машат және Ақсу өзендеріндегі көпірлер мен Қостүйін, Ақдала елді мекендерінің ортасында орналасқан Арыс өзеніндегі көпірдің күзетін күшейтуге қосымша адам бөлінді. Сондай-ақ, 6 тартымдық қосалқы станциясына да 2 адамнан күзет қойылды. Бұрын бір адам ғана күзететін. Бұдан бөлек, Желілік полиция бөліміне де байланысқа шығып, олардан да маңызды нысандарды күзетуге қосымша адам бөлуді сұрадық», – деді Шымкент магистральдық желі бөлімшесінің бас инженері Мұхтарбай Битемиров.

Жаппай тәртіпсіздік орын алған күндері Түркістан облысы бойынша 6 станция ерекше қорғауға алынған. Олар: Шымкент, Түркістан, Арыс-1, Арыс-2, Сарыағаш, Түлкібас станциялары. Себебі, бұл станциялар транзиттік, жүк және жолаушы қатынасы үшін аса маңызды.

# ТҮСІНІСТІКПЕН ҚАРАУҒА ШАҚЫРАДЫ

**Еліміздегі соңғы уақыттағы орын алған келеңсіз оқиғаларға байланысты Семей ЖТ бөлімшесі бойынша қауіпсіздік шараларына басымдық берілген.**



**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Бұл ретте негізгі салмақ желілік полиция қызметкерлеріне түсіп тұр. Себебі, транзит ағыны мол Семей теміржолы бойынша қазіргі таңда желі бойындағы барлық мекемелердегі күзет күшейтілген. Әсіресе, вокзалдардағы қырағылық арттырылуда. Оған себеп те жоқ емес. Мәселен, жуырда Алматы қаласынан Семейге келіп жеткен №22 «Қызылорда-Семей» жолаушылар пойызынан түскен бір жолаушы азаматты темір қоршаудан бірнеше сөмкені асырып өткізбекші болып жатқан жерінен станцияның желілік полиция қызметкерлері ұстаған.

– 30 жастағы күдіктіні тексеру барысында сөмкесінен үш дана ноутбук, аңшы қолғаптары мен аңшылыққа арналған бұйымдар алынды. Болжам бойынша күдіктінің Алматыдағы мародерлік іс-әрекеттерге, соның ішінде тәртіпсіздіктер кезінде тұрмыстық техникалар сататын «Технодом» сауда үйін тонауға қатысы бар болуы мүмкін, – дейді Семей станциясының ЖІБ криминалдық полиция бөлімінің жедел уәкілі Еркебұлан Құдайбергенов. Егер қылмысы дәлелденсе, ҚР ҚК-нің 188 бабы «Ұрлық» бойынша заң алдында жауапқа тартылатын болады. Қазіргі таңда күдікті уақытша оқшаулау изоляторына қамалған.

Сонымен қатар, көліктегі тәртіп сақшылары ел шығысы бойынша жолаушылар пойызындағы қоғамдық тәртіпті сақтауға күш салуда. Сондай-ақ, мародерлік іс-әрекеттер бойынша орын алған қылмыстарды ашуда вокзалдағы, жолаушылар пойыздарындағы тексерулерге түсіністікпен қарауға шақырады.

*Суретті түсірген автор*

# КЕЛЕҢСІЗДІКТЕР КЕДЕРГІ КЕЛТІРМЕДІ

**Барыс жылы енісімен басталған бүлік еліміздің басым бөлігін шарпыды. Әлі де қауіпті аймақтар бар. Сондықтан 19 қаңтарға дейін елде төтенше жағдай режимі енгізіліп, коменданттық сағат бекітілген.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесі директорының міндетін уақытша атқарушы Дүйсенбек Сыдықов ең алдымен төтенше жағдай күндері пойыздардың қозғалысын шектемеуге күш салынғанын айтты. Жүк және жолаушылар пойыздарының біршама кешігулері орын алған, ол батыстағы келеңсіз оқиғаларға байланысты болғаны белгілі. Дегенмен, келеңсіздіктер теміржолшылардың өз міндетін атқаруына кедергі келтірмеді. Нұр-Сұлтан, Алматы қалаларынан батыс аймаққа баратын пойыздар сол жақтағы жағдайдың ушығып тұруына орай шыққан жоқ. Батыстан да бері қарай қозғалыс болмағаны мәлім. Ал жамбылдық теміржолшылар Қызылордадан кері қайтқан пойыздардың алпыс шақты жолаушысын Шу вокзалынан түсіріп, оларға ыстық тамақ ұйымдастырды. Біразын Алматы, Қарағанды станцияларына баратын басқа пойыздарға отырғызып жіберсе, жақын аралықтағы елге көлік жеткізіп беруге көмектесті.

Аймақ теміржолшылары Тараз әскериленділірілген теміржол күзеті қызметімен бірлесіп, күшейтілген режимде жұмыс істеген. Олар вокзалдар мен теміржолдардың қауіпсіздігіне баса мән берген. Әсіресе, Тараз, Шу станциялары мен Күркіреусу станциясының түбіндегі көпірдің қауіпсіздігіне алаңдағандарын айтады.

«Тараз желілік полиция бөлімшесі мен Әскерилендірілген теміржол күзеті жұмысын күшейтті. Меркі ауданында да бүлікшілердің белсенді болғаны рас. Сол себептен ауданға жақын орналасқан Түрксіб станциясының қауіпсіздігі назарда болды. Ал шекараға жақын Меркі, Шалдавар станцияларының аумағы біздікі болғанымен, Қырғыз елінің теміржолына қарайды. Сондықтан оларға басымызды сұға алмадық», – деді аймақ теміржолының басшысы.

Қазір ахуал тұрақталды. Пойыздар қозғалысында кешеуілдеу жоқ, барлығы кестеге сай жұмыс істеуде.



# ПРОЯВИЛИ АКТИВНОСТЬ

**Более шестидесяти железнодорожников изъявили желание помочь пострадавшим в свете последних событий, произошедших в Казахстане.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

На вокзале Алматы-1 специально оборудован кабинет, где любой сотрудник стальной магистрали смог сдать кровь. Работники железнодорожных предприятий, входящие в состав Алматинского отделения грузовых перевозок, отделения магистральной сети, не остались равнодушными к всеобщей беде.

Надо сказать, что в свою очередь медицинский персонал Городского центра крови совместно с железнодорожниками при поддержке ТОО «Алматыэлектротранс» оперативно и профессионально провели акцию. Мероприятие прошло с соблюдением необходимых процедур: перед тем как взять кровь, на каждого работника заполнили анкету, у каждого проверили артериальное давление.

*Фото автора*

# ДОНОРЛАР ҚАТАРЫ АРТТЫ

**Елімізде жыл басында болған жаппай тәртіпсіздік кезінде зардап шеккендерге қан тапсыру акциясын теміржолшылар бастады. Үш күн ішінде 400-ге жуық теміржолшы қан тапсырған.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Олардың қатарында бұрыннан донор болып жүрген теміржолшылармен қатар бұл жолы жастардың белсенділігі жоғары болды. Жараланғандар мен науқастар үшін ерікті түрде қан тапсырғандар қатарынан тіпті зейнеткерлер де қалыс қалмаған.

Алғаш болып бұл акцияны батыстық теміржолшылар бастап, оны барлық аймақтар қолдап жалғастырып әкетті. Атап айтқанда, Маңғыстау, Шымкент, Ақтөбе, Қызылорда, Жамбыл, Алматы т.б өңір теміржолшылары ерекше белсенділік танытты. Мәселен, Шымкент қаласында екі күн ішінде отыздан астам теміржолшы қан орталығына келіп қан тапсырды. Қызылордада бір күнде алты мекеменің теміржолшылары қан тапсырды. Ақтөбелік теміржолшылар бір күнде он бес литр қан тапсырды. Бір адамнан алынған қан екі науқастың өміріне араша болатынын айтқан дәрігерлер теміржолшыларға алғысын жеткізді.

# Спорт

## КИБЕРОЙЫНДАР БОЛАШАҒЫ ЗОР

**Семейлік теміржолшылар бөлімше тарихында тұңғыш рет киберспорттан біріншілік өткізді. «FIFA-2021» атауымен жаңа жыл қарсаңында өткен айрықша шараға желі бойындағы мекемелерден барлығы 12 команда қатысып, өзара шеберлік сынасты.**

**Қуан ЕРТІС,**
Семей




Айта кетсек, еліміз бойынша 2018 жылдан бастап ресми түрде спорттық ойындарға жатқызылған eSports ұлттық компания бойынша да, әсіресе, жастар арасында жақсы дамып келеді. Оған осы жолғы сайыс анық дәлел болды.

Компьютерлік сауаттылықты ғана емес, дәлдік пен шапшаңдықты, тез шешім қабылдау мен командалық рухты талап ететін бұл ойын барысында теміржолшы жастар өзара біліктіліктері мен шеберліктерін сарапқа салды.

– Бұл бөлімшеміз бойынша алғаш ұйымдастырылып отырған спорттық сайыс болса да оған қатысуға тілек білдірушілер саны өте көп болды. Жастар арасында қызығушылық аса жоғары. Геймерлер шеберліктерін толық дәлелдей алды. Онлайн көрермендер де дән риза. Алдағы уақытта аталмыш сайыс түрінен тағы да жарыстар өткізбекпіз, – дейді киберспортты ұйымдастырушы, Семей ЖТ бөлімшесінің «Локомотив» спорт клубының нұсқаушысы Жанат Мойынбаев.

Дегенмен виртуалды кеңістікте өткен жарыс барысында тек мықтылар ғана жеңіске жетті. Жүлделі үшінші орынды ВЧД-23 вагоншылары иеленсе, екінші орынды Жаңа-Семей станциясының қозғалысшылары жеңіп алды. Әйтсе де, бас жүлде компьютердің «құлағында» ойнаған «Семейтрансстелеком» филиалының «ТТС» командасының жігіттеріне бұйырды. Осылайша, Семей станциясының желілік кабельдік бригадасының инженері Нұрлан Амангелдинов пен ақпараттық технологиялар қызметінің инженері Диас Адылхановқа арнайы диплом мен бағалы сыйлық табыс етілді.

Айта кетсек, онлайн спорттың бұл түрімен шұғылданушылар әуесқой спортшылар санатына жатқызылады. Ақпараттық технологиялар қарқынды дамыған қазіргідей заманда электронды кибернетикалық ойындардың болашағы аса зор деседі. Бұл, тіпті, бір есептен теміржол саласындағы кәсіби машықтың шыңдалуына да септігін тигізеді деп санайды семейлік киберспортшылар.

*Суретті түсірген автор*

## МЯЧ НАД СЕТКОЙ

**Павлодарские железнодорожники заняли первое место в турнире по волейболу в честь 40-летия Высшего колледжа электроники и коммуникаций.**



**Мадина ЕЛЕУКЕН,**
Павлодар

Спортивное мероприятие организовали инструктор по физической культуре и спорту учебного заведения Алексей Садовник и председатель ПФ ОО «Казпрофтранс» Рафаил Сабаров. В турнире приняли участие железнодорожники – команда Павлодарской дистанции пути, которая и стала победителем. Остальные участники – это сборные Высшего колледжа электроники и коммуникаций, всего семь команд.

Состязание было приурочено к 40-летию со дня основания храма знаний. Победители и призеры награждены кубками и грамотами.

Железнодорожники получили в подарок и волейбольный мяч.

*Фото автора*

# ПОРА РЕВАКЦИНИРОВАТЬСЯ




**Более 86,8% работников АО «НК «ҚТЖ» вакцинированы от covid-19. Кроме того, уже 381 железнодорожник прошел ревакцинацию против этого вируса.**



**Айлин БАУРЖАН,**
Нур-Султан

Всего по данным на 17 января 2022 года получили защиту против covid-19 более 94 778 сотрудников АО «НК «ҚТЖ». В целом по компании общий процент получивших первый компонент составил 86,8, второй – 86,5.

Ревакцинация проводится строго с соблюдением санитарных норм и интервала между компонентами. Повторно вакцину железнодорожники могут получить в пунктах вакцинации. К примеру, на вокзальном комплексе «Нұрлы жол», который был открыт в рамках сотрудничества с поликлиникой №15 города Нур-Султан ГКП на ПХВ. Он работает ежедневно с 10.00 до 20.00. Всем желающим защитить себя и близких от коварной болезни доступны вакцины российского, китайского и казахстанского производства.

Многие железнодорожники в целом относятся к этому вопросу положительно. К примеру, менеджер департамента корпоративного развития ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» Максат Еркенов не только вакцинировался, но и ревакцинировался от covid-19.

– Сегодня вакцинация, по сути, – единственная возможность уберечь себя и близких от опасной болезни. Поэтому прививаться, безусловно, необходимо, – уверен он.

В связи со сложной обстановкой на железнодорожных объектах продолжают действовать повышенные противоэпидемические меры. Так, для защиты здоровья пассажиров и сотрудников проводится усиленная санитарно-дезинфекционная обработка объектов инфраструктуры и вагонов пассажирских поездов, ведется информирование граждан о мерах безопасности, личной гигиене и профилактике вирусных инфекций. Все работники вокзалов, станций и поездные бригады обеспечены средствами индивидуальной защиты.

*Фото Александра ЖАБЧУКА*

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Бас редактор
**Дина Муздубаева**
Бас редактордың орынбасары
**Меруерт Өмірзақова**

**Газет басылатын қалалар:**
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС

**Басылымның таралымы 20 000**

**Газет сейсенбі, жұма күндері шығады.**

Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық салалық теміржол, автомобиль, әуе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

**Кезекші редакторлар:**
**Л. Ровба, С. Бакесова**

**Меншікті тілшілер:**
**Алматы:** Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
**Атырау:** Қосұйым Мұқашев 8-778-946-09-66
**Шымкент:** Жансая Сыдықбай 8-707-390-17-18
**Шығыс Қазақстан:** Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
**Жамбыл:** Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
**Маңғыстау:** Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
**Орал:** Анна Панищева 8-707-910-74-17
**Қызылорда:** Сабырхан Нәдірбаев 8-778-409-78-59
**Семей:** Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
**Қарағанды:** Светлана Могай 8-777-893-66-76
**Қостанай:** Аслан Кудабаев 8-705-267-44-00
**Павлодар:** Айдана Ертай 8-747-535-21-58
**Ақтөбе:** Ардақ Ерубаева 8-702-843-27-97
**Көкшетау:** Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

**Газетті тарату жөніндегі менеджер**
**Асель Распаева,**
**тел.: 8 775 198 15 61,**
**e-mail: raspayeva.assel@mail.ru**

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.